

ШАРТ

<сәйкестендіру нөмірі>

қызметтерді сатып алу туралы

<қызметтердің атауы>

<тапсырыс беруші аймағы>

<шарт күні>

<тапсырыс берушінің толық атауы>, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталады, <қол қою үшін негіз болып табылатын құқық белгілеуші құжат> негізінде іс-әрекет жасайтын <тапсырыс беруші тарапынан қол қоюшының лауазымы мен ТАӘ> атынан, бір жағынан және <жеткізушінің толық атауы>, <лицензия, рұқсат құжаты> негізінде іс-әрекет жасайтын <жеткізушінің резиденттік белгісі> болып табылатын, бұдан әрі «Жеткізуші» деп аталады, <қол қою үшін негіз болып табылатын құқық белгілеуші құжат> негізінде іс-әрекет жасайтын <жеткізуші тарапынан қол қоюшының лауазымы мен ТАӘ> атынан, екінші жағынан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталады, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылдың 27 тамыздағы №192 қаулысымен бекітілген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларының (бұдан әрі - Қағидалар) 17-тармағының 3) тармақшасына және 158-тармағының <сатып алу үшін негіз> тармақшасына және <хаттама бекітілген күн> тікелей шарт жасау тәсілімен <қызметтердің атауы> қызметтерін сатып алу қорытындылары туралы хаттамаға сәйкес мына төмендегілер туралы осы шартты (бұдан әрі - Шарт) жасады.

1. ШАРТТЫҢ МӘНІ

1.1. Тапсырыс беруші тікелей шарт жасау тәсілімен Жеткізушіден <ҚҚС сомасын қоспағанда> _____ теңге ___ тиын (_____ теңге __ тиын) мөлшеріндегі сомаға <қызметтердің атауы> қызметін сатып алуды жүзеге асыру шешімін қабылдады.

1.2. Жеткізуші Шартта көзделген мерзімде және талаптарда, Техникалық ерекше нұсқамаға сәйкес <қызметтердің атауы> қызмет көрсету (бұдан әрі - Қызметтер) бойынша міндеттемені өзіне қабылдайды, ал Тапсырыс беруші Қызметтерді Шарттың талаптарына сәйкес қабылдауға және төлеуге міндеттенеді.

1.3. Төменде көрсетілген құжаттар мен оларда көрсетілген шарттар осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып саналады, атап айтқанда:

- осы Шарт;
- сатып алынатын тауарлардың (жұмыстардың/көрсетілетін қызметтердің) тізбесі (1-қосымша);
- техникалық ерекше нұсқама (2-қосымша);
- конфиденциалдылықты сақтау туралы келісім (3-қосымша).*

2. ШАРТТЫҢ ЖАЛПЫ СОМАСЫ ЖӘНЕ ТӨЛЕМ ТӘРТІБІ

2.1. Шарттың жалпы сомасы <ҚҚС қоса есептегенде> _____ теңге ___ тиынды (_____ теңге ___

тиын) (егер Жеткізуші ҚҚС төлеушісі болса) (бұдан әрі - Шарттың Жалпы сомасы) құрайды, осы сомаға ____ теңге __ тиын (__ теңге ____ тиын) мөлшеріндегі Қызмет құны, <және ____ теңге __ тиын (_____ теңге __ тиын) мөлшеріндегі ҚҚС сомасы (егер Жеткізуші Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылса, Шарттың Жалпы сомасынан Шарттың 2.6, 2.7, 2.8 және 2.9-тармақтарының ережелерін ескере отырып, Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес төлем көзінен корпоративтік табыс салығы ұсталады)> кіреді. Шарттың Жалпы сомасына сақтандыруды, салықтарды, баждарды және басқа да төлемдерді төлеуді қоса алғанда, Жеткізушінің Қызметтерді көрсетуге байланысты барлық шығындары кіреді.

2.2. Шарт бойынша төлемді Тапсырыс беруші келесі тәртіпте Жеткізушінің банктік шотына ақша аудару арқылы жүргізеді:

Төлемді Тапсырыс беруші ай сайын нақты көрсетілген Қызметтер үшін Шарт Тараптарының уәкілетті тұлғалары қол қойған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Шарттың Жеткізушінің банктік шотына ақша аудару арқылы жүзеге асырады. Тиісті айға көрсетілген қызмет туралы анықтама және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес ресімделген электрондық шот-фактураны алу.

2.3. Барлық салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төленеді. Қазақстан Республикасының салықтарға, баждарға және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген бюджетке төленетін басқа да осы сияқты төлемдерге қатысты заңнамасы өзгертілген жағдайда, Тараптар қосымша келісімге қол қою арқылы Шартқа тиісті өзгертулер енгізуге міндеттенеді.

2.4. Тапсырыс беруші Жеткізушіге төлемдерді Шарт бойынша төлем жүргізілген күні Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми бағамы бойынша ____ (валюта түрі) жүргізеді (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.5. Тапсырыс берушінің Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе оны тиісті түрде орындамағаны үшін тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) сомасына Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес төлем көзіне табыс салығы салынуы тиіс (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.6. Егер Жеткізуші кірістің түпкілікті алушысы және халықаралық шарт жасалған елдің резиденті болса, Тапсырыс беруші Шарттың Жалпы сомасын төлеген кезде тиісті халықаралық шартында көзделген салық салудан босатуды немесе төмендетілген салық мөлшерлемесін өз бетінше қолдануға құқылы (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.7. Халықаралық шарттың ережелерін қолдану тәртібі Жеткізушінің Қазақстан Республикасындағы қаражат көздерінен алынатын табыстарына қатысты қолданылады (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.8. Халықаралық шартты салық салудан босату немесе төмендетілген салық мөлшерлемесін пайдалану бөлігінде қолдануға Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарт бойынша соманы төлеу күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасы салық заңнамасының талаптарына сәйкес келетін резиденттігін растайтын құжатты және бейрезидент заңды тұлғаның құрылтайшыларын (қатысушыларын) және мажоритарлық акционерлерін көрсете отырып, құрылтай құжаттарының нотариат куәландырған көшірмелерін не сауда тізілімінен (бейрезидент тіркелген мемлекеттің заңнамасында көзделген акционерлердің тізілімінен немесе өзге де ұқсас құжаттан) үзінді көшірмені табыс еткен жағдайда ғана рұқсат етіледі (бұл

тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.9. Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме құрылған жағдайда, Жеткізуші бейрезиденттің Қазақстан Республикасының салық органында салық төлеуші ретінде тіркелгенін растайтын құжатты ұсынған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төлем көзінен корпоративтік табыс салығын ұстамастан табыс сомасын төлейді (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.10. Факсимильдік байланыс арқылы және/немесе өзге тәсілмен алынған құжаттардың заңды күші бар және оларды кейіннен келесі 5 (бес) жұмыс күн (Тапсырыс берушінің қаласынан тыс жердегі жеткізушілер үшін) ішінде түпнұсқаға ауыстыра отырып, Тапсырыс беруші қабылдайды

2.11. Жеткізушінің қажетті төлем құжаттарын уақытылы ұсынбауы немесе тиісті түрде ресімделмегендерді ұсынуы Тапсырыс берушіні уақтылы төлемегені үшін жауапкершіліктен босатады.

3. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ

3.1. Тапсырыс беруші:

- 1) Жеткізушінің Шарт талаптарына сәйкес көрсеткен Қызметтерін Акті негізінде қабылдауға;
- 2) Жеткізушінің жазбаша сұратуы негізінде Жеткізушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауы үшін оған қажетті құжаттарды (ақпаратты) және материалдарды ұсынуға;
- 3) төлемді Шарттың талаптарына сәйкес жүргізуге;
- 4) Тапсырыс беруші мен Жеткізушінің уәкілетті өкілдері Актіге қол қойған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде және (немесе) Жеткізушінің Тапсырыс берушіге тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеген күннен бастап Жеткізушіге енгізілген Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтаруға міндеттенеді (Шартта Жеткізушінің Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу туралы талабы болғанда).

3.2. Тапсырыс беруші:

- 1) Жеткізушіден Шарттың талаптарына сәйкес Қызметтердің толық көлемде және мерзімде тиісті түрде көрсетілуін талап етуге;
- 2) Қызметтер көрсету барысын және оның сапасын бақылайтын уәкілетті жауапты адамдарды тағайындауға;
- 3) Қызметтер көрсету, көрсетілген Қызметтерді қабылдау-өткізу барысында кемшіліктер, ескертулер, сәйкес келмеулер, олқылықтар, қателер (бұдан әрі - ақаулар) анықталған жағдайда, анықталған ақаулар туралы жазбаша ескерту жіберу арқылы Жеткізушіден оларды Шартта белгіленген мерзімде жоюды талап етуге немесе Жеткізушіге дәлелді жазбаша бас тартуды жолдай отырып, толық немесе ішінара төлеуден бас тартуға және Актіге қол қоймауға;
- 4) Шартты кез келген кезеңде Шартта көзделген жағдайларда және тәртіпте біржақты тәртіппен бұзуға;
- 5) Шарттың 3.3-тармағының 8) тармақшасына сәйкес Жеткізушіден хабарлама алғаннан кейін

жағдайды өз ұйғарымы бойынша бағалауға, Жеткізушінің кінәсінен туындамаған объективті себептер болған жағдайда Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімін ұзартуға;

6) Шарттың осы тармағының 5) тармақшасында көзделген жағдайда, Жеткізушіден растау құжаттарын талап етуге;

7) егер Шарт Жеткізушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауы немесе оны тиісті түрде орындамауы не болмаса тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) Шартта көзделген мерзімдегі және тәртіптегі негіздер бойынша төлемеу салдарынан бұзылған болса, Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтармауға құқылы (Шартта Жеткізушінің Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу туралы талабы болғанда).**

3.3. Жеткізуші:

1) Қызметтерді Шартта және Техникалық ерекше нұсқамада көзделген мерзімде және талаптармен толық көлемде көрсетуге;

2) Тапсырыс берушінің талап етуі бойынша Қызмет көрсетудің барысы туралы ақпарат ұсынуға;

3) Қызметтерді білікті мамандардың көрсетуін қамтамасыз етуге;

3) Қызмет көрсету, көрсетілген Қызметтерді қабылдау-өткізу барысында Тапсырыс беруші ақауларды анықтаған жағдайда, анықталған ақаулар туралы Тапсырыс берушіден хабарламаны алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күн ішінде өз есебінен жоюға;

5) Жеткізуші ақауларды Шартта белгіленген мерзімде жоя алмаған/оны жоюдан бас тартқан жағдайда, Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болуға;

6) Шарттың қолданылу мерзіміне қарамастан Тапсырыс берушіден алынған конфиденциалды ақпаратты жарияламауға және оны құпия түрінде сақтауға;

7) Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауына немесе оны тиісті түрде орындамауына байланысты Шарт бұзылған жағдайда, Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болуға;

8) егер Шартты орындау кезеңінде Жеткізуші кез келген сәтте Шартты уақытында орындауға кедергі келтіретін жағдайдарға тап болса, Жеткізуші Тапсырыс берушіге кешіктіру фактісі, оның болжанатын ұзақтығы мен себебі (себептері) туралы дереу жазбаша хабарлама жіберуге тиіс;

9) Шарт бойынша өз міндеттемелерін толығымен және де ішінара басқа біреуге бермеуге;

11) Тараптардың Шартқа қол қойған күнінен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Шарттың Жалпы сомасының мөлшерінде Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізуге міндеттенеді (Шартта Жеткізушінің Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу туралы талабы болғанда).**

12) осы Шартпен бірге 3-қосымшаға сәйкес нысанда конфиденциалдылықты сақтау туралы келісімге қол қоюға міндеттенеді.*

3.4. Жеткізуші:

1) Қызметтерді көрсеткен кезде бірлесіп орындаушыларды тартуға құқылы. Бұл ретте Жеткізушінің бірлесіп орындаушыларға жалпы Қызмет көлемінің үштен екі бөлігінен асатын

Қызмет көлемін беруге рұқсат етілмейді;

2) Тапсырыс берушіден Шарт бойынша Қызмет көрсету үшін қажет ақпаратты жазбаша түрде сұратуға;

3) Шарттың талаптарына сәйкес көрсетілген Қызметтер үшін төлем алуға **құқылы**.

4. ҚЫЗМЕТТЕР КӨРСЕТУ МЕРЗІМІ ЖӘНЕ ОРНЫ

4.1. Қызметтер көрсету мерзімі техникалық ерекше нұсқамаға (2-қосымша) сәйкес.

4.2. Қызметтер көрсету орны: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Алмалы ауданы, Әйтеке би көш., 67, 3 және 4-қабаттар (бұдан әрі - Жеткізу орны)..

5. КӨРСЕТІЛГЕН ҚЫЗМЕТТЕРДІ ҚАБЫЛДАУ-ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

5.1. Көрсетілген Қызметтерді қабылдау және беру процесінде Тапсырыс берушінің уәкілетті тұлғалары бірлесіп Жеткізушімен олар көрсетілген Қызметтердің Шарт талаптарына, техникалық ерекше нұсқама (2-қосымша) талаптарына сәйкестігін тексереді, ал ақаулар болмаған жағдайда Тараптар 5 (бес) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде ай сайынғы нақты көрсетілген қызметтердің Актісіне қол қояды.

5.2. Көрсетілген Қызметтерді қабылдау-өткізу барысында Тапсырыс беруші көрсетілген Қызметтердің Шарттың талаптарына, техникалық ерекше нұсқаманың (2-қосымша) талаптарына сәйкес келмейтіндігін және оның ақауларын анықтаған жағдайда, оларды Тапсырыс беруші Шартта белгіленген мерзімде ақауларды жоюды талап етуге, не болмаса Жеткізушіге дәлелді жазбаша бас тарту жібере отырып, көрсетілген Қызметтерді қабылдаудан және оны төлеуден бас тартуға құқылы.

5.3. Қызметтердің көрсетілген күні Актіде көрсетілген күн болып есептеледі.

5.4. Жеткізуші Тараптардың уәкілетті тұлғалары Актіге қол қойған күннен бастап 12 айдың ішінде көрсетілген Қызметтердің сапасына кепілдік беруге міндеттенеді

5.5. Кепілдік мерзімі кезінде көрсетілген Қызметтердегі ақаулар анықталған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге жазбаша хабарлама жөнелтеді, ал Жеткізуші Тапсырыс берушіден жазбаша хабарламаны алған күннен бастап оларды өз есебінен жоюға міндеттенеді.

5.6. Ақаулары жойылған көрсетілген Қызметтерге кепілдік мерзімі көрсетілген Қызметтердегі ақаулар жойылған мерзімге ұзартылады.

5.7. Жеткізуші Шартта белгіленген мерзімде ақауы бар көрсетілген Қызметтердің ақауын жоя алмаған/бас тартқан жағдайда Жеткізуші Шарттың 6- бөліміне сәйкес жауапты болады.

5.8. Жеткізушімен белгіленген мерзімде жойылмаған ақаулар анықталған жағдайда, Тапсырыс беруші оларды Актіде көрсетеді және де ол Шарттың 6-тарауымен көзделген тұрақсыздық айыбын өндіріп алуға негіз болып табылады.

6. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

6.1. Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе оны тиісті түрде орындамаған жағдайда, Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес жауапты болады.

6.2. Төтенше жағдайларды қоспағанда, Жеткізуші Шартта көзделген міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші өзінің басқа құқықтарына нұқсан келтірместен Шарт аясында Жеткізушіден тұрақсыздық айыбын өндіріп алады, ал Жеткізуші Тапсырыс берушіге мынаны:

- 1) Шарттың 4.1-тармағында көзделген мерзімді бұзған жағдайда - кешіктірген әр күнтізбелік күн үшін Шарттың Жалпы сомасынан 0,1 % (нөл бүтін оннан бір пайыз) мөлшерінде, бірақ Шарттың Жалпы сомасынан 5% (бес пайыздан) аспайтын мөлшерде өсімпұл;
- 2) көрсетілген Қызметтерде ақауларды жою мерзімін бұзған жағдайда - кешіктірген әр күнтізбелік күн үшін, ақауларды жою күнін қоса алғанда, Шарттың Жалпы сомасынан 0,1 % (нөл бүтін оннан бір пайыз) мөлшерінде, бірақ Шарттың Жалпы сомасынан 5 % (бес пайыз) аспайтын мөлшерде өсімпұл;
- 3) көрсетілген Қызметтердегі ақауларды жою мүмкін болмаған/оларды жоюдан бас тартылған жағдайда - Шарттың Жалпы сомасынан 20 % (жиырма пайыз) мөлшерінде айыппұл төлейді.

6.3. Тараптар Шарттың 7-бөлімін бұзған жағдайда, конфиденциалды ақпаратты жария еткен Тарап екінші Тарапқа Шарттың Жалпы сомасынан 10 % (он пайыз) мөлшерінде айыппұл төлейді. Бұл ретте Тапсырыс беруші өзінен алынған конфиденциалды ақпаратты жариялау салдарынан туындаған зиянды Жеткізушіден өтеуді талап етуге құқылы.

6.4. Шарт бойынша ақы төлеу мерзімі бұзылған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге кешіктірген әр жұмыс күні үшін төлеуге тиіс сомадан 0,1% (нөл бүтін оннан бір пайыз) мөлшерінде, бірақ Шарттың Жалпы сомасынан 5% (бес пайыз) аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.

6.5. Жеткізуші Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші төлем жасаған кезде Жеткізушінің келісімінсіз тұрақсыздық айыбы (өсімпұл, айыппұл) сомасын дербес түрде ұстап қалуға құқылы.

6.6. Тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) сомасын төлеу Тараптарды Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудан босатпайды.

6.7. Жеткізушінің Тапсырыс берушіге тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеу мерзімі Тапсырыс берушіден тиісті хабарламаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнін құрайды.

6.8. Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді толық мөлшерде енгізбеген жағдайда Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарттың орындалуын қамтамасыз етудің толық құйылмаған сомасынан 1% (бір пайыз) мөлшерінде айыппұл төлейді (Шартта Жеткізушінің Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу туралы талабы болғанда).

6.9. Жеткізушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауы немесе оны тиісті түрде орындамауы салдарынан Тапсырыс берушінің бастамасы бойынша Шарт біржақты тәртіпте бұзылған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасын қайтармайды (Шартта Жеткізушінің Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу туралы талабы болғанда). Бұл ретте Жеткізуші Тапсырыс берушіге алдын ала төлем сомасын толық мөлшерде қайтарады (алдын ала төлем болғанда).

Жеткізушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауы немесе оны тиісті түрде орындамауы салдарынан Тапсырыс берушінің бастамасы бойынша Шарт біржақты тәртіпте бұзылған жағдайда, Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарттың Жалпы сомасынан 10% (он пайыз) мөлшерінде айыппұл төлейді (Шартта Жеткізушінің Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу туралы талабы болмағанда). Бұл ретте Жеткізуші Тапсырыс берушіге алдын ала төлем сомасын толық мөлшерде қайтарады (алдын ала төлем болғанда).***

6.11. В случае расторжения Договора в одностороннем порядке по инициативе Заказчика вследствие неисполнения либо ненадлежащего исполнения Поставщиком своих обязательств по Договору Заказчик не возвращает Поставщику сумму обеспечения исполнения Договора (при наличии в Договоре условия о внесении Поставщиком обеспечения исполнения Договора). При этом

Поставщик возвращает Заказчику сумму предоплаты в полном объеме (при наличии предоплаты).

В случае расторжения Договора в одностороннем порядке по инициативе Заказчика вследствие неисполнения либо ненадлежащего исполнения Поставщиком своих обязательств по Договору Поставщик выплачивает Заказчику штраф в размере 10% (десять процентов) от Общей суммы Договора (при отсутствии в Договоре условия о внесении Поставщиком обеспечения исполнения Договора). При этом Поставщик возвращает Заказчику сумму предоплаты в полном объеме (при наличии предоплаты).***

6.10. Тапсырыс беруші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, ол Жеткізушіге жоғалған пайданы өтемейді және Жеткізуші келтірген нақты залал үшін ғана жауапты болады.

6.11. Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындай отырып, Тараптар және олардың қызметкерлері кез-келген заңсыз артықшылықты немесе басқа да заңсыз мақсаттарда осындай тұлғалардың әрекеттеріне немесе шешімдеріне ықпал ету мақсатында қандай да бір тұлғаларға тікелей немесе жанама ақшаны немесе құнды кез келген нәрсені төлемейді, төлеуді ұсынбайды немесе төлеуге рұқсат бермейді.

6.12. Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар мен олардың қызметкерлері Шарттың мақсаттары үшін қолданылатын заңнамада пара беру/алу, коммерциялық пара алу ретінде сараланатын әрекеттерді, сондай-ақ қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы күрес жөніндегі қолданыстағы заңнама мен халықаралық актілердің талаптарын бұзатын әрекеттерді жасамайды.

6.13. Шарт Тараптарының әрқайсысы екінші Тараптың қызметкерлерін кез-келген тәсілмен ынталандырудан бас тартады, оның ішінде ақшамен, сыйлықтармен, оларға жұмыстарды (қызметтерді) өтеусіз орындау және қызметкерді белгілі бір тәуелділікке түсіретін және осы қызметкердің жұмысын қамтамасыз ету кезінде оны ынталандыратын Тарап пайдасына кез келген іс-әрекеттер жасауға бағытталған басқа да әдістермен.

7. КОНФИДЕНЦИАЛДЫЛЫҚ

7.1. Тараптар тұтастай алғанда Шарт талаптарын және ұсынатын Тарап конфиденциалды ретінде (оның ішінде Тапсырыс беруші немесе оның атынан басқа тұлғалар ұсынған ақпарат) белгілеген барлық ақпаратты басқа Тарап аталған ақпаратты ұсынған Тараптың жазбаша рұқсатынсыз ешқандай үшінші тарапқа жария етпейтінін мойындайды, оған мына:

1) Жеткізуші Шартты орындау үшін тартқан қызметкерлерге ұсыну. Көрсетілген ақпарат осы қызметкерлерге конфиденциалды және бұл шарттық міндеттемелерді орындау үшін қажет көлемде ғана берілуге тиіс;

2) егер мұндай жария ету заңнамада ұйғарылатын немесе оған уәкілетті мемлекеттік органдардың ресми сұратуы негізінде жүзеге асырылатын жағдайлар қосылмайды.

7.2. Жеткізуші Шартты іске асыру мақсаттарынан басқа, жоғарыда аталған қандайда бір құжаттарды немесе ақпаратты Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз пайдаланбайды.

7.3. Конфиденциалды ақпарат жария етілген жағдайда, Тараптар Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болады.

8. ЕҢСЕРІЛМЕЙТІН КҮШ (ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ)

8.1. Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны немесе оны тиісті түрде орындамағаны үшін, егер ол Тараптар күні бұрын болжай алмаған және Тараптардың Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауына тікелей әсер еткен дүлей күштің: су тасқыны, жер сілкінісі және басқа табиғат апаттар, экологиялық апаттар, әскери іс-әрекеттер, террорлық актілер, азамат соғысы, халық толқулары, шектеу шаралары жаппай тәртіпсіздіктер немесе ереуілдер басталуы, Тараптар болжай алмайтын және Тараптардың Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауына тікелей әсер ететін Қазақстан Республикасының құқықтық актілерінің қабылдануы салдарынан болса, онда Тараптар жауапкершіліктен босатылады. Еңсерілмейтін күштің әсеріне ұшыраған Тараптың міндеттемелерді орындау мерзімі осындай жағдайлардың болуы кезеңіне ұзартылады.

8.2. Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауға мүмкіндігі жоқ Тарап, басқа Тарапқа Шарттың 8.1-тармағында көрсетілген жағдайлардың себептерін көрсете отырып, олардың басталғаны және тоқтағаны туралы жазбаша түрде дереу хабарлайды, сондай-ақ ол тиісті уәкілетті органның растайтын құжатын ұсынады. Жалпыға мәлім фактілер, дәлелді талап етпейді. Бұл ретте Тараптар Шарт бойынша міндеттемелерін одан әрі орындаудан бас тартуға құқылы, осыдан кейін бірде-бір Тарап басқа Тараптан қандай да бір шығынды өтеуді талап етуге құқығы жоқ.

8.3. Егер Тапсырыс берушіден өзге жазбаша нұсқаулар келіп түспесе, Жеткізуші Шарт бойынша міндеттемелерін орындауды ол қаншалықты орынды екеніне қарай жалғастырады және Шартты орындаудың көрсетілген міндеттемелерге қатысты емес балама тәсілдерін іздестіреді.

9. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ

9.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындау барысында келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар оларды соттан тыс тәртіпте реттеу үшін барлық қажетті шаралар қабылдауға тиіс.

9.2. Тараптар келісімге келмеген жағдайда, даулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібінде қаралады.

9.3. Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі және даулар туындаған жағдайда, олар Тапсырыс берушінің орналасқан орны бойынша Қазақстан Республикасының соттарында қаралады.

10. ШАРТҚА ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ

ЖӘНЕ ОНЫ БҰЗУ ТАЛАПТАРЫ

10.1. Орналасқан орны және/немесе деректемелері өзгерген жағдайда, Тарап басқа Тарапқа тиісті шешім қабылданған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жазбаша түрде хабарлайды.

10.2. Шарттың 10.1-тармағында көрсетілген өзгерістерді қоспағанда, Шартқа барлық өзгерістер қосымша келісіммен ресімделіп, оған Тараптар қол қояды.

10.3. Тапсырыс беруші мына:

- 1) Тапсырыс беруші Қағидалардың 14-тармағына сәйкес сатып алудан бас тартқан;
- 2) Жеткізуші ұсынған мәліметтерден дәйексіз ақпарат анықталған;
- 3) егер Жеткізуші банкрот немесе төлемге қабілетсіз болған, сондай-ақ тиісті сот процесіне тартылған жағдайда. Мұндай жағдайда бұзу дереу жүзеге асырылады және Тапсырыс беруші

Жеткізушіге қатысты ешқандай қаржылық жауапкершілік атқармайды;

4) Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе оны тиісті түрде орындамаған жағдайда. Бұл ретте Жеткізуші Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болады;

5) Шартты одан әрі орындау мақсатқа лайықты болмаған жағдайда, Шартты кезкелген кезеңде біржақты тәртіпте бұзуға құқылы.

10.4. Шарт біржақты тәртіпте бұзылған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге Шартты болжанатын бұзу күніне дейін күнтізбелік 15 (он бес) күн бұрын Шарттың бұзылуы туралы жазбаша хабарлама жібереді, осы мерзім өткеннен кейін Шарт бұзылды деп саналады. Хабарламада Шартты бұзу себебі, жойылған шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ Шартты бұзу күні көрсетілуге тиіс.

11. ШАРТТЫҢ КҮШІНЕ ЕНУ ТАЛАБЫ

11.1. Шарт Тараптар оған қол қойған күннен бастап күшіне енеді және Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін, оның ішінде кепілді міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданылады (Шартта Жеткізушінің Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу туралы талабы болмағанда).

12. ШАРТ ТІЛІ

12.1. Шарт заңды күші бірдей мемлекеттік және орыс тілдерінде электрондық нысанда жасалды.

13. ӨЗГЕ ТАЛАПТАР

13.1. Шартқа қосымша (қосымшалар) Шарттың ажырамас бөлігі (бөліктері) болып табылады.

13.2. Тараптардың біреуі қайта ұйымдастырылған жағдайда, Шарт бойынша құқықтары мен міндеттері тоқтатылмайды және Тараптардың құқықтық мирасқорларына өтеді.

14. ТАРАПТАРДЫҢ ОРНАЛАСҚАН ОРНЫ ЖӘНЕ ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ

Тапсырыс беруші:

Жеткізуші:

<Тапсырыс берушінің толық атауы>

<Тапсырыс беруші орналасқан орынның заңды мекен-жайы>

<Тапсырыс беруші орналасқан орынның нақты мекен-жайы>

<Тапсырыс берушінің ЖСК>

<банк атауы>

<Тапсырыс берушінің БСН>

<Тапсырыс берушінің БСК>

<Тапсырыс берушінің БЕК>

Тапсырыс беруші атынан

_____ <қол қоюшының аты-жөні>

М.О. (қолы)

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

БСН - бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

БСК - банктік сәйкестендіру коды;

ЖСК - жеке сәйкестендіру коды;

ЖСН - жеке сәйкестендіру нөмірі;

ССН - салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;

ТЕН - төлеушінің есептік нөмірі;

ҚҚС - қосылған құн салығы;

Т.А.Ә. - аты-жөні.

<Жеткізушінің толық атауы>

<Жеткізуші орналасқан орынның заңды мекен-жайы>

<Жеткізуші орналасқан орынның нақты мекен-жайы>

<Жеткізушінің ЖСК>

<банк атауы>

<Жеткізушінің БСН>

<Жеткізушінің БСК>

<Жеткізушінің БЕК>

Жеткізуші атынан

_____ <қол қоюшының аты-жөні>

М.О. (қолы)

ДОГОВОР

<идентификационный номер>

о закупках услуг

<наименование услуг>

<регион заказчика>

<дата договора>

